

## ӨНДІРІС ЖӘНЕ ТҮТЫНУ ҚАЛДЫҚТАРЫН ЖІКТЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Есіркепова А.М.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ

### Кіріспе

Нормативтік құжаттарда өндіріс қалдықтары ретінде шикізаттардың, материалдардың, жартылай фабрикаттардың өнім өндіру кезіндегі немесе жұмыс атқарылғаннан кейінгі өзінің бастапқы түтінушылық қасиетін түгелдей немесе жартылай жоғалтқан қалдықтары алынады. Дәл сол сияқты өзінің түтінушылық қасиеттерін құқықтық және моральдық тозу нәтижесінде жоғалтқан бұйымдар мен материалдар түтіну қалдықтары ретінде анықталады. Егер түтіну қалдықтары түтіну ортасында да, сондай-ақ өндіріс ортасында да пайда болуы мүмкін болса, өндірістік қалдықтар тек өндіріс ортасында ғана пайда болады. Қалдықтарды бұлай бөлу қарастырылып отырған қорларды пайдаланудың түрлі әдістеріне негізделген.

### Материалдар мен әдістер

Стандық және шетел экономистерінің еңбектері мен зерттеулері қолданылған. Мақалада жүйелік, логикалық, статистикалық, балансстық талдау әдістері, ЭММ пайдаланылды.

### Зерттеу нәтижелері

Барлық қалдықтар қайталама шикізат және пайдаланылмаған қалдықтарға бөлінеді. Қайталама шикізат деп экономика салаларында пайда болатын және дәл қазір қайта қолдануға болатын өндіріс және түтіну қалдықтарын түсіну керек. Пайдаланылмаған қалдықтар дегеніміз – бұл экономика салаларында жинақталатын оларды дәл қазір пайдалануға жағдай келмейтін өндіріс және түтіну қалдықтары.


Қалдықтарды неғұрлым кеңірек топтастыру профессор В.Д. Дурнев және Ю.М.Ансеровтың [1] еңбектерінде көлтірілген. Бұл топтастырудың өнеркәсіп қалдықтары қоршаған ортамен потенциалды ластаушылар ретінде қарастырылады.

Өнеркәсіптік ластаушылар мыналар болуы мүмкін:

- 1) механикалық (ауаның шаңдануы, судагы және жер қыртысындағы қатты түйіршектер және т.б.);
- 2) химиялық (газ тәрізділер, сұйық және қатты химиялық қоспалар, қоршаған ортамен өзара әсерлесетін элементтер);
- 3) физикалық – алуан түрлі өндірістің қалдықтары түріндегі энергияның барлық түрлері – жылулық, механикалық (қатты дыбыс, (вибрация) дірілдер), жарықтық (көзге көрінетін спектр, ультра күлгін және инфрақызыл сәуле шығару), электромагниттік өрістер, иондауши сәуле шығару;
- 4) биологиялық – адамның қатысуымен пайда болатын және оның өзіне, сондай-ақ қоршаған ортаға зиянын тигізетін организмдердің барлық түрлері.

Метериалдық ластаудың берілген топтастыруының негізінде залалдың таралатын ортасы (ая, гидросфера, литосфера) және олардың агрегат құйларі, (газ тәрізділер, сұйықтар, қатты денелер) сондай-ақ залалдың токсикалық дәрежесі алынады.

Бұл топтастырудың кемшілігі ретінде олардың ішінде литосфераға тарайтын өндіріс қалдықтарының өндіріс қалдықтарының барлық түрі қамтылмаған. Біздің ойымызша, бұл топтастырудың травильдік сұйық қоспалар, электролиттер, майлайтын-салқыннататын сұйықтықтың (МСС) қалдықтары және т.б. жатқызуға болатын ластаушылар топтары қамтылмай қалған. Біздің пікірімізше, қалдықтар басты 5 белгі бойынша жіктелуи тиіс: табиғи органикалық қалдықтар, минералды қалдықтар, химия қалдықтары, коммуналды және медициналық қалдықтар. Қауіптілік деңгейі бойынша қалдықтар 1-суретте жіктеліп көрсетілген.



1-сурет. Калдықтар жіктелуі.

Калдықтар қауіпті және қауіпсіз болып белінуі тиіс. Қауіпті калдықтар: токсикалық, радиоактивті және зиянды болып белінеді. Токсикалық калдықтар: сынап, мыс, мырышы бар калдықтар, хромат өндірісінің калдықтары, шлам мен металл өндеу шаңы, нефелинді «куйрықтар», қағаз өндеу, ауылшаруашылық калдықтары, қала мен өнеркесіп ағынды сулары, тау-кен калдықтары. Агрегатты күйі бойынша радиоактивті калдықтар: катты, сыйық және пульпа

(ерімейтін қалдықтардың сұйықтықпен араласқан қоспасы). Радиоактивті белсенділігі бойынша: жоғары, орта және кіші радиоактивті қалдықтар.

### Нәтижелерді талқылау

Біздің оймызызша зиянды қалдықтар келесі түрге жіктелуі қажет:

- өндірісте қолданылатын өнеркәсіп улары; оларға органикалық ерітінділер (дихлорэтан), отын (пропан, бутан), бояғыштар (анилин) жатады;
- ауыл шаруашылығында қолданылатын улы химикалар, оларға пестицидтер (гексахлоран), инсектицидтер (карбофос) жатады;
- дәрі-дәрмектер;
- түрмистық химикалар; тағам қоспалары (уксус қышқылы), жеке гигиена, косметика және т.б. заттары;
- биологиялық өсімдік және жануарлар улары;
- әскери уландырылыш заттар (иприт, фосген, зарин және т.б.).

Токсикалық қалдықтардың жіктелуі 2-суретте көрсетілген. Жалпылама алғанда, токсинды қалдықтар супертоксианттар, жоғарытоксикалық және орташатоксикалық болып бөлінеді.

Супертоксианттар дегеніміз аз мөлшерде ферменттерге ингибиrtleуші немесе индуктиві әсер ететін заттар. Супертоксианттарға диоксиндер, диоксингендер, радионуклидтер, кейбір ауыр металлдар (сынап, кадмий), хлор және фосфорорганикалық пестицидтер, озондатушы заттар.


Диоксингендердің токсианттар қатарына полихлорланган дибензо-п-диоксиндер мен дибензофурандар, бифенилдер және басқа поліароматты құрамында хлоры бар қосылыстар жатады.

Құрамында жартылай ыдырау мерзімі 30 жылдан астам радионуклидтері бар қалдықтар ұзакмерзімділдер қатарына кіреді. Бұл қалдықтар халық пен қоршаған ортадан барынша оқшауланады.

Хлор және фосфорорганикалық пестицидтер мутациялар мен онкоаурулар тудырады да, инсектицидтер, фунгицидтер, бактериоцидтер және гербицидтер болып бөлінеді. Инсектицидтер зиянды буынақтылармен күресу үшін қолданылады. Олар хлорорганикалық, фосфорорганикалық және карбонаттар болып бөлінеді.

Фунгицидтер мен бактериоцидтер зиянды прокариоттармен (санырауқұлақтар, бактериялар), гербицидтер арам шептермен күресуге пайдаланылады. Орташа токсинді, жоғары токсинді қалдықтар тірі ағзалар үшін қабылданған орташа өлім дозасына қарап жіктеледі.

Өндірістік қалдықтар химиялық құрамы, физикалық қасиеттері және биологиялық ластануының құрамы бойынша әр түрлі болып келуі мүмкін. Қалдықтарды қолдану мәселесі мынадай жолмен пайда бола алады: қоршаған ортаға түскенде олардың көбісі күн радиациясының, желдің, ылғалдықтың, ультракүлгін сәулеленуінің әсер етуінің арқасында қайтыссыз бұзылады және өз қасиеттерін өзгертеді. Осылайша, құрамында металды сынабы бар қалдықтар бұзылғанда теңіз суында метилсынап пайда болады. Ол сынаптың езіне қарағанда әлдеқайда күшті әсер ететін зат болып табылады.



**2-сурег.** Токсикалық қалдықтардың жіктелуі

Ультракүлгін сәулелену әсери арқасында улылышы төмен циан құрамды қалдықтар бұзылған кезде фотохимиялық реакциялардың нәтижесінде адам баласы мен жылы қанды жануарлар үшін ете қауіпті болатын жоғары улы цианидтер түзілуі мүмкін [2].

Егер қалдықтар құрамында инфекциялық ауруларды тудыруға қабілетті микроагзалар болса, онда қоршаған ортаның өндірістік қалдықтарымен биологиялық ластануы ерекше қауіпті болып табылады. Осылайша, тері тазалайтын және көн дайындастырын кәсіпорындардың ағын суларында және қатты қалдықтарында белсенділігін сақтай отырып, қоршаған ортада он жылдықтар аралығында тіршілік ете алатын сібір язвасының тітіркендіргіштері бар екендігі аныкталды.

Барлық қалдықтардың ішінде ең үлкен мөлшерге өндірістік қалдықтар ие болады. Барлық өнеркәсіптік кәсіпорындарда орналасқан тазалағыш құрылғылар жұмысының нәтижесінде құрамында жинақталатын ластағыш заттар, тазалауға арналып қолданылған реагенттердің қалдықтары және олардың өзара әрекеттесуінің өнімдері бар қалдықтар түзіледі.

### Қорытынды

Осындай қалдықтардың мөлшері жеткілікті дәрежеде көп болып келеді, құнды заттарды қолдану мақсатында оларды өңдеу мен зиянды қосылыстарды залалсыздандыру қажеттілігі пайда болады. Сол себептен қалдықтардың жіктемесінің әдістемелік негізін жасау аса маңызды мәселеге айналып отыр.

1. Ансеров Ю.М., Дурнев В.Д. Машиностроение и охрана окружающей среды. - Л.: Машиностроение, 1989. – 224 с.
2. Вайсман Я.И. Управление отходами. Захоронение твердых бытовых отходов: учебное пособие / Я.И. Вайсман., В.Н. Коротаев., В.Ю. Петров. – Пермь, 2001. – 133 с.

\* \* \*

В статье рассматриваются методические основы классификации отходов производства и потребления, которое имеет особо важное значение в условиях использования их в качестве вторичных ресурсов в контексте их эффективного применения в производственном процессе. Особое внимание уделяется токсичным отходам в связи с опасностью их практического применения.

In article considers bases of methodical classifications waste manufactures and consumption which has important value to use conditions them to second quality resources in context their effective applications in production. The special attention is given to communication toxic waste with their danger practical application.

ӘОЖ 502.174.1.(043.3)

## ТЕХНО-ЭКО-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕДЕГІ ҚАЙТАЛАМА РЕСУРСТАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ КОНЦЕПЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Есіркепова А.М.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

**Кіріспе.** Концепция қайталама ресурстар (КРес) нарығының даму мақсаттары мен негізгі міндеттерін, осы міндеттерін іске асырудың шаралары бағыттарын, сонымен қатар күтілетін нәтижелерін анықтайды. Концепцияға КРес-дың нарық дамуына себепші болатын болжамдалатын жеке шаралар қосылған. Концепцияда қалдықтардың тұтынуышылық сұранысқа ие өнімдері ретінде мақсатты қолданылуына, сондай-ақ тұрмыстық және өндірістік қалдықтардың пайдалану деңгейін орташа еуропалық деңгейіне дейін жеткізуге бағытталған қалдықтардың айналу саласындағы мемлекеттің өнеркәсіптік саясатымен анықталатын мәселелердің шешіміне бағыттайды.

**Зерттеу нәтижелері.** Концепция мақсатты бағдарламаларды; өндіріс және тұтыну қалдықтарының айналу саласындағы экономикалық басқаруын, КРес нарығының дамуын, шикізаттардың, материалдар мен отын-энергетикалық ресурстардың, материалды өндірістің